

Еліміздегі іргелі жоғары оқу орындарының бірі – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылғанына биыл 50 жыл толмақшы. «Елу жылда ел жаңа», - демекші, жарты ғасырда үлкен жетістіктерге жетіп, замана үрдісімен қатар өсіп келе жатқан оқу ордасының мерейтойын жоғары деңгейде атап өту жоспарланып отыр.

Тарих пен ұрпақ сабақтастығына – 50 ЖЫЛ

Соған орай 9-қаңтар күні Ғылыми кітапханада университеттің 50 жылдығына арналған іс-шаралардың ресми тұсаукесері өтті. Аталмыш шараға Батыс Қазақстан облысы әкімінің кеңесшісі, экономика ғылымдарының кандидаты, соғыс және еңбек ардагері, Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын ұйымдастыру жөніндегі комиссиясының төрағасы, Жұмағалиев Бисен Жұмағалиұлы және тыл ардагері, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор Әмірхан Өтенұлы Қарасаев арнайы шақырылды.

Алғашқы сөз кезегін алған университет ректоры, профессор Қазыбай Қараұлы Бозымов оқу ордамыздың даму тарихымен және университетіміздің қалыптасу және даму жолында аянбай еңбек еткен

ардагерлердің қызметтік жолымен таныстырды. «Орал қаласында ауыл шаруашылығы институтының ашылуына себепкер болған қос ардагер ағамызды оқу ордамыздың жарты ғасырлық мерейтойын тойлауға арналған іс-шаралардың тұсаукесеріне шақыруымыздың өзінде үлкен мән жатыр. Өйткені, оқу ордамыздың қаламызда ашылып, өркен жаюы ғалым-ұстаздарымыздың ерен еңбегі деп білеміз. Ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп, университеттің бүгінгі таңдағы жетістігі мен жемісіне ұшан-теңіз үлес қосқан қос ардагер ағаларымыздың салып кеткен сара жолын жалғастыру – ардагерлеріміздің ізіне ерген аға буын мен жас ұрпақтың парызы», - деді университет ректоры, профессор Қазыбай Бозымов.

Ақтөбе қаласы өлке орталығы болғандықтан, сөзі өтімділеу болды. Дегенмен, жергілікті облыстық партия комитетінің Бірінші хатшысы және ҚазақСР-нің министрлер кеңесі Орал өңірі байырғы өлке екенін, табиғаты мен ауылшаруашылық мамандарын даярлауға қолайлы және ғылыми ортасы дамығандығын ескерді. Педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге келеді деп шешім қабылдады. Сөйтіп міне, батыл шешімнің нәтижесінде университетіміз Батыс өлкесі ғана емес бүкіл әлемге танылған білім-ғылымның ордасына айналып, облысымыздың өлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосуда. Қазіргі кездегі университетіміздің қарқынды дамып, ғылыми-зерттеу, инновациялық бағыттағы жетістіктерін естіп, көріп қуанып отырамын. Болашақта бұдан да жақсы дамып, одан әрі өркендей беріңіздер» - деді.

Сонымен қатар, бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге арнаған, биік бітім-болмысымен дараланған Әмірхан Өтенұлы Қарасаев сөз сөйлеп, білім ордасында бастаған өмір және еңбек жолы, қызметі жайында айтып өтті. «Мен әрдайым оқу ордамыздың әрбір жеткен жетістігіне қуанып отырамын. Университеттің бүгінгі жетістігі бұл – бірлігі мықты ұжымның аянбай еңбек етуінің жемісі деп білемін. Қазіргі таңда университетіміз жайлы тек қана Қазақстан Республикасы ғана емес, бүкіл алыс-жақын шет елдер де біліп, тануда. Бұл университетімізге

Жиын барысында сөз алған соғыс және еңбек ардагері Жұмағалиев Бисен Жұмағалиұлы университет ұжымын мерейлі мерекесімен құттықтап, оқу ордамыздың құрылу және қалыптасу жолындағы қызметі жайында тоқталып өтті.

Бисен аға: «Әлі есімде осы университетті Оралдан ашу жөнінде ұсыныс жасалғанда, Батыс облыстары таласты. Соның ішінде



және бізге берген үлкен баға, өзге елдердің бізбен санасуы», - деді Әмірхан Өтенұлы.

Шара барысында университеттің ардагерлер Кеңесінің төрағасы, профессор Шамғонов Әскерғали Шамғонұлы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Бисенов Сағындық Хамзаұлы, философия ғылымдарының докторы, профессор Рысқалиев Тілеужан Хасенұлы сөз алып, қос ардагердің ұстаздық, азаматтық қадір-қасиеттерін ашып, университеттің тарихы жайында сыр шертті.

Кездесу соңында білім ордасының ректоры Қазыбай Қараұлы барша студенттердің және профессор-оқытушылар ұжымы атынан Бисен Жұмағалиұлы мен Әмірхан Өтенұлының иықтарына шалап жауып, гүл шоқтарын ұсынып, қаржылай марапаттап, алғыс білдірді. Кеш соңынан салтанатты дастархан жайылып, ас берілді.

Кездесуге жиналғандар университеттің ғылыми кітапханасы дайындаған ардагерлердің фотосуреттері мен еңбектерінің көрмесін қызыға тамашалады.

Мұратбек ЕРЖАҚЫПОВ,
Жәңгір хан атындағы
Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық
университетінің
Жастар комитетінің төрағасы

